



Кәсіби мораль және этика

СЕМБЕК ЖАБАЙ, ИС-105.10

Этика

- ▶ Этика – мораль туралы ғылым. “Этика” терминін б.з.б. IV ғасырда Аристотель енгізді. Ол этика адамгершілік, мораль туралы ілім деп көрсетті.
- ▶ Этика – мораль туралы түсінік береді, оны түсіндіреді және моральға үйретеді.

Моральдың мазмұны жүйе ретінде 4 компоненттен құралады:

- ▶ • Адамгершілік қатынас;
- ▶ • Адамгершілік мотивтер;
- ▶ • Адамгершілік сезімдер;
- ▶ • Моральдық сана

Моральдың атқаратын қызметі (Л.М. Архангельский бойынша):

- ▶ • Реттеуші;
- ▶ • Тәрбиелеуші;
- ▶ • Танымдық;
- ▶ • Бағалау;
- ▶ • Бағдарлаушылық;
- ▶ • Мотивациялық;
- ▶ • Коммуникативті

Педагогикалық моральдың атқаратын қызметтері:

- ▶ • Педагогикалық коррекция;
 - ▶ • Диагностикалық және болжау функциясы;
 - ▶ • Моральдық білімдерді шығару;
 - ▶ • Моральға жат қылықтарға төтеп беруге дайындығын қалыптастыру;
 - ▶ • Моральдық өзін-өзі қорғау;
 - ▶ • Реттеуші;
 - ▶ • Тәрбиелеу;
 - ▶ • Бағалау-бағдарлаушылық.
-
- ▶ Педагогикалық этика кәсіби этика түрінде көрініс табады.

Кәсіби этика

- ▶ Кәсіби этика – еңбектік моральдың бір түрі, ол әр түрлі мамандық иелеріне тән моральдық нормалар, мінез-құлық ережелері және моральдық бет-бейнесі туралы бағалау түрінде көрініс табады.
- ▶ Кәсіби этиканың мәні мен маңызы – кәсіби міндеттерді сәтті орындауға әсер етеді, кәсіби мақсаттар мен міндеттерге жету әдістерін, құралдарын таңдауға мүмкіндік береді.

Әдептілік

- ▶ Әдептілік – белгілі моральдық нормалар мен принциптерді бұлжытпай орындау. Т. А.Ильина «Педагогикалық әдеп – мұғалімнің аса бағалы педагогтік қасиеті, бұл қасиетте оған педагогикалық әсер ету құралдарын қолданған кезде өз эмоцияларын білдіру шамасын көрсетеді, ең алдымен оқушылардың психологиясын терең түсініп, білуге негіз болады», - деп көрсетеді. Айтмамбетова Б.Р., Бейсенбаева А.А. «Педагогтік әдеп, кең мағынасында педагогикалық процесте әрбір оқу-тәрбие мәселесін шешуде, жеке адамдармен не ұжыммен қарым-қатынас жасауда көрінетін кәсіптік сапа дейді.

Педагогтың кәсіби этикасының ерекшелігі

- ▶ 1) Еңбек объектісі – адам;
 - ▶ 2) Педагог адамның болашағы үшін үнемі адамгершілік жауапкершілікте;
 - ▶ 3) Педагог еңбегі психологиялық және ұйымдастырушылық жағынан күрделі;
 - ▶ 4) Педагог адамды адамгершілікке тәрбиелеу үлгісі, ол жоғары адамгершілік идеалы.
-
- ▶ Кәсіби этика – ұжымда моральдық микроклимат орнатады, тұлғаның моральдық денсаулығын қамтамасыз етеді, қоғамда моральдық атмосфераның қалыптасуына әсер етеді.

Педагогикалық мораль

- ▶ Педагогикалық мораль – ұрпақтан ұрпаққа адамгершілік тәжірибені берудегі қоғамдық қажеттіліктермен негізделген педагогикалық ортада адамгершілік іс-әрекеттер мен адамгершілік қатынастарды реттеуші адамгершілік нормалар мен ережелер жиынтығы.

Кәсіби мораль принциптері

Моральдық принциптер

- ▶ Моральдық принциптер – адамгершілік сананың бір формасы, онда моральдық нормаларға жалпы түрде сипаттама беріледі. Нормалар адам әрекетінің қандай болу керектігін нақты талап етсе, моральдық сапалар тұлға мінез-құлқының жекелеген жақтарын сипаттайды.
- ▶ Ал принциптер – белгілі бір адамгершілік нормалардың мазмұнын ашады, моральдық санаға сәйкес талаптарды білдіреді. Олар адам іс-әрекетіне бағыт-бағдар береді және мінез-құлқының негізі болып табылады. Принциптер мораль құрылымының маңызды бөлігі, ол моральдың мәнін анықтайды.

Педагогикалық этиканың негізгі принциптері:

- ▶ • Ізгілік принципі;
- ▶ • Педагогикалық оптимизм;
- ▶ • Педагогикалық ынтымақтастық және ұжымшылдық;
- ▶ • Азаматтылық, патриотизм;
- ▶ • Тұлғаға талап қоя алу және оны құрметтеу;
- ▶ • Профессионализм, шығармашылық;
- ▶ • Сөз бен істің бірлігі

- ▶ Кәсіби мораль – бұл мұғалімнің кәсіби парызы, оның адамгершілік міндеттері.
- ▶ Мұғалімнің педагогикалық еңбекке қатынасының өлшемедері төмендегілер негізінде анықталады:
 - ▶ а) өмірдің басты мазмұны ретінде;
 - ▶ б) өзінің қажеттіліктері мен қабілеттерін іске асыру құралы ретінде;
 - ▶ в) іс-әрекет ретінде
- ▶ Кәсіби моральдық принциптер педагогикалық процестің дұрыс ұйымдастырлуына және жағымды қарым-қатынастың орнауына негіз болатын бастау ережелер болып табылады. Ол мұғалім еңбегін тиімді ұйымдастыруға жағдай жасайды.